

## №8 ЖББМ. КММ.

### Мектепішілік «Еңбегі адал жас өрен» жобасының іске асыру жоспары бойынша, қыркүйек айында өткізілген іс-шара туралы Анықтама

1 қыркүйек – білім күніне орай «Алғашқы қоңырау» іс-шарасы өткізілді. Құттықтау сөздермен мен өлең жырлар білім күніне арналып айтылды. Алғашқы қоңырау сыңғырынан кейін, «Мектеп-мейірім мекені» атты тақырыбындағы тәрбие сағаттарына ұласты.



«Адал азамат-әділетті Қазақстан» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: оқушыларға адалдық пен әділдік туралы түсінік беру, олардың құндылық ретіндегі мәнін ұғындыру. Сынып сағатын шаттық шеңберімен басталып, әңгімелесу, мәтінмен жұмыс (корей ертегісі), мақал-мәтелдер, жағдаятты талдау, тыныштық сәті әдіс-тәсілдерді қолданумен жалғасып, жүректен-жүрекке-атты бір-біріне тілектерін айтты.



«Еңбек түбі-береке»-атты тәрбие сағаты, мақсаты: оқушыларға еңбектің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіре отырып, ерінбей еңбек етуге, еңбексүйгіштікке, еңбек адамын құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. Шаттық шеңбер, слайд арқылы «еңбек» сөзін топтастыру, әңгімелеу, сурет бойынша әңгіме құрастыру, мамандық иелерін сәйкестендіру, ойды тиянақтау әдістерімен өткізіп, сабақ соңында «Біз бақыт тілейміз» әнімен аяқтадық.

